

Үй тапсырмасын жіберу мен тексеруге қойылатын талаптар:

1. Пунктуациялық және орфографиялық қателерді жібермеу;
2. Қазақ сөздерін жазғанда қазақ клавиатурасын ғана қолдану («Салеметсіз бе, калыңыз калай, менин» деп жазуға болмайды);
3. Оқушыға қажетінше жаңадан өтілген сабақтың презентациясын жіберу;
4. Оқушының үй жұмысын сабақтың аяқталуына 5 минут қалғанда жіберу (сабақта жіберуге үлгермеген жағдайда, сабақ өтілген күні сағат 21.00-ге дейін жіберу);
5. Үй тапсырмасын жібергеннен кейін дедлайн уақытын жазып көрсету керек. Үлгі:




6. Оқушының үй тапсырмасын тексеру уақыты 24 сағаттан аспау керек (оқытушының бос уақыты болса, неғұрлым тезірек тексергені дұрыс);
7. Воркбук тапсырмалары – қосымша тапсырмалар, олар оқушы өзін-өзі тексеру үшін жасалған, оқытушы воркбук тапсырмаларын тексеруге міндетті емес, воркбук тапсырмаларын орындау немесе орындамау оқушының өз еркінде, (воркбук тапсырмаларын орындау арқылы оқушы өзінің алған білімін бекітеді, сондықтан воркбук тапсырмаларын орындаған дұрыс болатынын оқушыға айтып түсіндіру керек). Үй жұмысын орындағанда, ең алдымен негізгі тапсырмалар, содан кейін воркбук тапсырмалары орындалатынын оқушыға айтып түсіндіру керек;
8. Оқытушы оқушының үй жұмысын міндетті түрде дер кезінде орындауы мен барлық тапсырмаларды тиісті форматта (сілтемеде аудио түрінде орындау керек деп тұрса – аудио форматта, жазбаша түрінде орындау керек деп тұрса – жазбаша форматта) жіберуін талап ету керек;
9. Үй тапсырмасын төмендегідей талдау керек:
 - 1) Оқушының аудио түрінде жіберген жауаптарына аудио немесе жазбаша түрінде жауап беруге рұқсат етіледі. Оқушылардың көбісі жаңа лексиканы аудио түрінде жібереді, жауапты да аудио түрінде жіберген тиімді,


себебі сол кезде оқушыға қазақ тіліндегі спецификалық дыбыстардың өзіне тән ерекшелігін айтып көрсетуге болады;

2) Қандай да бір себептерге байланысты үй жұмысы сабақта талданса, чатқа «Үй жұмысы сабақта талданды» деп жазу керек, бірақ үй жұмысын үнемі сабақта талдауға болмайды, себебі зум сабақта презентация материалдарымен жұмыс жасау керек;

3) Оқушының тапсырмаларында қате болған жағдайда оны төмендегідей түзету керек. Үлгі:



4) Оқушының үй тапсырмасында бір грамматикалық қате қайта-қайта қайталана берсе, оқытушы грамматикалық конструкцияны қысқаша жазып түсіндіру керек. Үлгі:



4) Үй жұмысының кейбір тапсырмалары мүлдем дұрыс орындалмаған болса, оқытушы сабақта оларға қатысты ережені қайтадан түсіндіріп, қате орындалған тапсырмаларды оқушысымен бірге сабақта талдайтынын жазу керек. Үлгі:

